Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 5 шілде № 4712-24-00-2/2094іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Маңғыстау облысының еңбек мобильдігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «DaCon» басшысы Канатова Дана Болатовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. шартты бұзу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Маңғыстау облысының еңбек мобильдігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «DaCon» басшысы Канатова Дана Болатовнаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және шартты бұзу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «DaCon» басшысы Канатова Дана Болатовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Маңғыстау облысының еңбек

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 08.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 14.08.2024, судья Бекболатов А. Т., 16.08.2024
4712-24-3-1/2078

мобильдігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен жеке кәсіпкер «DaCon» басшысы Канатова Дана Болатовна арасында жасақталған 20 ақпан 2024 жылғы №41 шарт бұзылсын.

Жеке кәсіпкер «DaCon» басшысы Канатова Дана Болатовнадан мемлекет пайдасына 3 692 (үш мың алты жүз тоқсан екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 08.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.08.2024, судья Бекболатов А. Т., 16.08.2024

4712-24-3-1/2078